



Ақтөбе облысының экологиялық проблемасы

Жоспары:

- Кіріспе
- Статискалық мәліметтер
- Ақтөбе – лас қалалардың бірі
- Жаңалықтарға қысқаша шолу
- Ауа ластануының салдары
- Таза ауа дефицитін жою





Глобалды мәселелердің бірі – **ауаның ластануы**. Ол дегеніміз – әр түрлі газдардың, қатты және сұйық заттардың немесе табиғи булар мен қалдықтардың ұсақ түйіршіктерінің ауаға қосылуы. Олар жер бетіндегі жан-жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне және адамдардың өмір сүруіне зиянды ықпалын тигізеді. Әсіресе біздің Ақтөбе қаламызда оның деңгейі жоғары.



Ауаның ластануының көздері:

- Табиғи - өрттер, шаңдар, вулкандардың атқылауы
- Транспортты – автомобильдер, ауа, кеме транспорттарының газдары
- Өндірістік – технологиялық процестерден пайда болатын қалдықтар (металлургия, мұнай-газ, химия және т.б өнеркәсіптер)
- Тұрмыстық – тұрмыстық жағдайдағы қалдықтар бөлігі



Атмосфералық ауаның ластануы халықтың денсаулығына теріс әсер ететін қоршаған ортаға келеңсіз әсер етудің жетекші факторларының бірі болып қалуда.

Атмосфералық ауаға жылу энергетикасы және мұнай-газ секторы, кен өндіру және тау-кен өндісі, қара және түсті металлургия неғұрлым теріс әсер етеді.

USAID-тің бағалауынша, Қазақстан аумағының 75%-ы экологиялық тұрақсыздық қатеріне аса бейім аймақтарға жатады.

Республикада атмосфераға таралған шығарымдылар 2005 жылдан бері бір деңгейде қалып отыр (2,9 млн.тонн), әлемдік дағдарыс орын алып, жекелеген өнім түрлеріне деген сұраныс азайған тұста, яғни 2008 жылдан бастап өндіріс көлемі қысқарды, бұл шығарымдылардың төмендеуіне себеп болды.

2010 жылы стационарлық көздерден атмосфералық ауаға таралған зиянды заттардың мөлшері 2,2 млн. тоннаны құрады, сонымен 2009 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда олардың деңгейі 4%-ға кеміді (2 диаграмма).

2-диаграмма

2005-2010 жылдар аралығында стационарлық көздерден атмосфералық ауаға таралған зиянды заттардың мөлшері, мың тонна




Ластағыш заттардың негізгі көлемі Қарағанды (661,2 мың тонна), Павлодар (572,5 мың тонна), Шығыс Қазақстан (146,9 мың тонна), **Ақтөбе (125,3 мың тонна)**, Қостанай (114,4 мың тонна) және Атырау (114,4 мың тонна) облыстарының аумақтарында қалыптасқан. Атмосфералық ауаға таралған ластағыш заттардың жалпы көлемінің (2226,6 мың т.) 71,3%-ын газ тектес және сұйық заттар және 28,7%-ын қатты заттар құрайды.

Ауаның ластану жай-күйін бағалау кезінде елді мекендердегі ауаға таралған ластағыш заттардың шекті мөлшерінің көрсеткіштері (**ШМК**) негізгі сапа өлшемдері болып табылады. Атмосфераның ластану деңгейі атмосфера ластануының кешенді индексінің (**ИЗА5**) шамасы бойынша бағаланады, ол қауіптілік дәрежесін ескере отырып, ШМК-ның ең көп нормаланған көрсеткіштері бар бес зат бойынша, сондай-ақ ШМК-ның асып кетуі бойынша есептеледі.

Егер ИЗА5 көрсеткіші 5-тен аз немесе оған тең болса, онда атмосфераның ластану деңгейі – «төмен», диапазоны 5-тен көп және 7-ге тең болған жағдайда – «көтеріңкі», ал 7-ден көп және 14-тен аз болғанда – «жоғары», 14-тен көп болған жағдайда «аса жоғары» деп саналады.

Республиканың ластанған қалаларына ($ИЗА5 \geq 5$) – 12 қала, соның ішінде жоғары деңгейде ластанған қалаларға ($ИЗА5 \geq 13$) 8 қала (Алматы, Шымкент, Теміртау, Ақтөбе, Тараз, Қарағанды, Өскемен, Жезқазған) жатқызылған (3-диаграмма).

3-диаграмма
2009-2010 жылдары Қазақстан Республикасының қалалары бойынша
атмосфераның ластану индексі (ИЗА)



Динамика көрсетіп отырғандай, атмосфералық ауаның ластану деңгейі іс жүзінде төмендемеген. Өнеркәсіп пен көлік саласы дамыған, ИЗА5 жоғары болып келетін қалалардағы атмосфераның жай-күйі айтарлықтай алаңдаушылық туғызады.

Зиянды заттардың көп мөлшерде таралуына ластау көздерінің ауаны тазартатын құрылғылармен жеткілікті дәрежеде жарақталмағаны себеп болып отыр, сонымен бірге статистикалық деректер соңғы үш жылдың ішінде осындай құрылғылармен жарақталған көздердің үлес салмағының төмендегенін көрсетеді. Мысалы, 2008 жылы олардың үлес салмағы – 7,5% болса, ал 2010 жылы 6,4% құрады.


Атмосфера құрамында шекті мөлшерден асатын ластағыш заттардың аса жоғары деңгейі - 17 қалада, орташа деңгейі 7 қалада тіркелген.

ҚР ірі қалалары мен өнеркәсіп орталықтарындағы атмосфералық ауаның ластану деңгейінің өзгеру динамикасы

Қала		ИЗА5				Ауаның ластануына әсер ететін өнеркәсіп салалары
		2007 ж	2008 ж	2009 ж	2010 ж	
1	<u>Алматы</u>	13,3	12,9	12,6	11,7	<u>автокөлік, энергетика</u>
2	<u>Шымкент</u>	11,9	9,9	11,2	11,4	<u>түсті металлургия, химия, мұнай өңдеу</u>
3	<u>Өскемен</u>	7,9	9,6	7,2	7,2	<u>түсті металлургия, энергетика</u>
4	<u>Ақтөбе</u>	8,5	8,6	9,5	7,6	<u>қара металлургия, химия</u>
5	<u>Теміртау</u>	9,6	7,7	8,6	9,3	<u>қара металлургия, химия</u>
6	<u>Қарағанды</u>	7,6	7,7	7,5	7,2	<u>энергетика, көмір өндірісі, автокөлік</u>
7	<u>Тараз</u>	7,2	7,5	7,5	7,6	<u>химия</u>
8	<u>Риддер</u>	7,5	6,6	7,4	6,3	<u>түсті металлургия, энергетика</u>
9	<u>Жезқазған</u>	6,8	6,4	5,2	7	<u>түсті металлургия, энергетика</u>
10	<u>Глубокое кенті</u>	3,4	5,4	3,0	4,9	<u>түсті металлургия</u>
11	<u>Атырау</u>	3,3	5,3	2,4	5	<u>мұнай өңдеу</u>
12	<u>Астана</u>	8,1	4,7	4,5	5,5	<u>энергетика, автокөлік</u>
13	<u>Семей</u>	4,2	4,4	4,6	4,5	<u>энергетика, құрылыс материалдары</u>
14	<u>Қызылорда</u>	4,5	3,9	5,5	5,1	<u>энергетика</u>
15	<u>Петропавл</u>	4,3	3,9	4,3	4,1	<u>энергетика, аспап жасау</u>
16	<u>Ақтау</u>	4,5	3,5	4,3	3,0	<u>химия</u>
17	<u>Қостанай</u>	3,2	3,5	3,1	3,1	<u>энергетика</u>
18	<u>Павлодар</u>	1,9	2,4	1,9	2,5	<u>мұнай өңдеу, энергетика</u>
19	<u>Балқаш</u>	3,0	2,3	3,8	2,1	<u>түсті металлургия, энергетика</u>
20	<u>Талдықорған</u>		1,6		1,4	<u>энергетика</u>
21	<u>Екібастұз</u>	1,2	1,0	1,2	1,2	<u>энергетика, көмір өндірісі</u>
22	<u>Көкшетау</u>		0,8		0,8	<u>энергетика, көмір өндірісі</u>
<u>Орташа ИЗА</u>		5,77	6,10	5,44	5,24	

4-диаграмма

Тыныс алу мүшелері ауруларының 2005-2010 жылдардағы динамикасы, мың оқиға



Қазақстан Республикасы елді мекендері ауасындағы жеке қоспалардың рұқсат етілген шекті шоғырланулары мәні

<u>Қоспаның атауы</u>	<u>РШШ мәні, мг/м³</u>		<u>Қауіптілік тобы</u>
	<u>бір реттік максималды</u>	<u>орташа тәуліктік</u>	
<u>Көміртегі оксиды</u>	5,0	3	4
<u>Азот оксиды</u>	0,4	0,06	3
<u>Азот диоксиды</u>	0,085	0,04	2
<u>Өлшенген заттар</u>	0,5	0,15	3
<u>Фенол</u>	0,01	0,003	2
<u>Формальдегид</u>	0,035	0,003	2
<u>Қорғасын</u>	0,001	0,0003	1
<u>Аммиак</u>	0,2	0,04	4
<u>Күкірт диоксиды</u>	0,5	0,05	3
<u>Күкіртті сүтек</u>	0,008	-	2
<u>Хлор</u>	0,1	0,03	2
<u>Фторлы сүтек</u>	0,02	0,005	2
<u>Озон</u>	0,16	0,03	1
<u>Хлорлы сүтек</u>	0,2	0,1	2
<u>Хром (VI)</u>	-	0,0015	1
<u>Кадмий</u>		0,0003	1
<u>Күшән</u>		0,003	2
<u>Хром</u>		0,0015	1
<u>Мыс</u>		0,002	2

Ақтөбе – Қазақстандағы ауасы ең лас **5 қаланың** ішінен ойып орын алады дейді жергілікті экологтар. Ауада **формальдегид, азот, күкірт қышқылы** жылма-жыл көбейіп келе жатқандығы соншалық, осы қауіпті газдардың жиынтығы қалыптағыдан 4 есеге ұлғайып кеткен.

Жыл өткен сайын, облыстың атмосфералық ауа бассейні ластанып барады. Өткен жылы өндіріс ошақтарынан шыққан зиянды қалдықтардың халықтың өмір сүруіне қаншалықты әсер етіп отырғанын тексерген санитарлық дәрігерлер алаңдаулы. Себебі бас пайдасын ойлаған мұнай-газ кәсіпорындары экологиялық талаптарға назар аудармай отыр.



Ақтөбеде автокөліктерден шығатын зиянды заттар көлемінің күрт өсуі қоршаған ортаны қорғау бөлімінің мамандарын алаңдатып отыр. Олардың айтуынша, тек қала бойынша тіркелген автокөлік саны өткен жылы **60 мыңнан** асып түсті. Ал олардан шығатын зиянды заттар көлемі **58 мың тоннаға** дейін жетті. Бұл қала бойынша шығатын қалдықтардың **84 пайызын** құрап отыр. Ақтөбе облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасының тексерулері барысында **717 заң бұзушылық** анықталды. Экологиялық талаптарды бұзушылықпен шаруашылықты атқарып отырған 50 объектінің жұмысы тоқтатылды. Экологиялық инспекцияның тексеру материалдары арқылы табиғатқа зиян келтіруіне байланысты 2 қыпмыстық іс қозғалған.





Ақтөбе облысы экологиясын ең бірінші бүлдіруші кәсіпорын – **«СНПС-Ақтөбемұнайгаз»** акционерлік қоғамы дейді жергілікті табиғат қорғаушылар. Мұнай кәсіпорыны жиырма жылдан бері ауаға зиянды қалдықтар шығарып, Мұғалжар ауданының экологиясын құртып бітті. Бұл жақта мұнай шығаратын кеніштер және ең бастысы газ өңдейтін зауыттары орналасқан. Ауаға таралатын зиянды қалдықтардың 60 пайызын «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» лақтырады дейді жергілікті экологтар.



Экология министрлігі 2010 жылдан бастап елдегі барлық мұнай кәсіпорындарына мұнаймен бірге шығатын ілеспе газды босқа жағуға тыйым салатындығын мәлімдеді. Оның орнына төңіректегі елді мекендерге газ жүргізіп, газ өңдеуші зауыттар салуды міндеттеді.

«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» кәсіпорны экологияға тигізген зақымын төлеуден бас тартқан. Нәтижесінде олар бюджетті 1,2 млрд тенгеге толықтырды. Себебі тексеріс кезінде 2007 ж 10 ай бойынша ауаны нормадан тыс жоғары ластағаны белгіленді.



29.03.2012

"Қазақойл Ақтобе" мұнай компаниясы мемлекетке газды жағудың нормасынан асыру себебінен 445 млн тенге өтеді. Экономикалық бағалау бойынша оның мөлшері 445 млн 178мың 114тенге құрады. Берілген шарты бойынша газдың орнатылған лимиттен 420,3мың куб метрі жағылды. "Алибекмола" кен ошағында газдың 1млн 616мың 212 куб метрі өртенді ал "Қожасай" кен орнында 1млн 274мың 469 куб метр

Ақтөбенің нағыз иістенген райондары:

Жилгородок, Шанхай, Тургенев, Ғазиза
Жұбанова және Оспанов көшелері,
промзона, п. Ясный



– Неліктен Ақтөбеде кешкі уақыттарда жағымсыз иіс мұрынды тартады? Бізді немен уландырып жатыр және экологтар қандай шараларды қабылдауда? – осындай сұрақтарды Ақтөбе тұрғыны Любовь Ножникова қойды.

Экологтар жеркеніш иістердің бірнеше себептерін келтіреді. Біріншіден бұл қаланың тұрмыстық қалдықтардың қоқысын тастайтын жерінің жақындығы.

– 5 млн тоннаға жуық қала қоқыс жерінің қалдықтары рекультивацияны өтпеді. Желдің қолайсыз бағытымен жаман иіс пен қолаңса Ақтөбе тұрғын зоналары бойынша таралады. Қазірде Алматы қ. ТОО «ЭкоСервис» Ақтөбе облысының ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования» тапсырысы бойынша ескі қала қоқыстарын рекультивациялау проектіні өңдеуде. Оны 2011-2012 жж жүзеге асыруды көздейді.



Ақтөбе облысындағы қоршаған ортаның күйі

2010 жылы Ақтөбе облысы бойынша атмосферлі қабатқа зиянды қалдықтардың түсуі 125.3 мың тоннаны құрады. 2009 жылмен салыстырғанда оның деңгейі 42,6%ға төмендеді.

Есеп беру жылы ауаға тазартылмай тасталған өгдіріс қалдықтары 123 мың тоннасы тасталынды, бұл 2009 жылғы дәрежесіне қарағанда 43,1%-ға төмен. Ауаның негізгі ластаушылары болып тау-кен өндірісінің өнеркәсіптері мен кен ошақтарын қазбалау, олардың меншікті шығарылымдары 67,3%, құрады, транспорт пен қоймалаудың үлесі 11,9%, өндіріспен өңделетін 7,0 %.

Ағымдағы жылдары қоршаған ортаны қорғауға кеткен қаражат шыны 10,1 млрд. тенгені құрады, бұл 2009 жылмен салыстырғанда 10.8%-ға көп.

Ақтөбе облысында 2009 жылы қоршаған ортаны ластағаны үшін мемлекеттік бюджетке елдегі ең үлкен сомма түсті –18 миллиард тенге. Алайда олардың тек 8% экологияның қалпына келтірілуіне бағытталды. Министрліктің есебі бойынша Ақтөбе еліміздің ең лас қалаларының 4-тігіне кіреді. Алайды соңғы 3 жыл аралығында қоршаған ортаға зиянды заттардың тасталынуы төмендетілсе де, формальдегид концентрациясы шекті рұқсат етілген дәрежесінен 3 есе асады.

Қоршаған ортаны қорғауға арналған капиталды жөндеуге кеткен шығындар 863,8 млн.тенгені құрады, одан 13,6% атмосфералық ауаны қорғау бойынша арналған қондырғылар мен құрылғыларды жөндеуге кетті.

Табиғатты қорғау шарасындағы басты мақсаты – шаруашылықтың экономикалық әдісіне өтуі. Қоршаған ортаға қалдықтарды тыстағаны үшін нақты төленген соммасы 10 032,5 млн. тенге құрады. Төлемдердің негізгі бөлігі атмосфераға зиянды заттардың нормативті шығарылымдарына (8 432,5 млн. тенге, или 84,0%), ал қалдықтарды орналастыруына байланысты 1 561,1 млн. тенге, немесе 15,6%, ал су қоймаларына зиянды заттардың тастауы – 38,9 млн. тенге, немесе 0,4% тиесілі.


Қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін зақымды өтеу үшін 2010 жылы 86,9 млн. тенгеге төленілді.

Ауа дефицитін жою

- Теректерді көбірек отырғызу
- Экологияны қорғау іс-шараларын өткізу
- Өнеркәсіптерді қатаң қадағалау
- Қалдықтарды қайта өңдеу
- Қоқыстарды тазарту



Орындағандар МК-303(ОПИ)
студенттері:
Сапарғалиева М.С
Кульсеитова А.Б



Назарыңызға рахмет!

